

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Қожеке Назарұлы – біртуар тұлға

Қожеке Назарұлы – XIX ғасырда Тазабек, Саурықтармен бірге патшалық Ресейдің отарлау саясатына, одан кейін Қытай империясының аз ұлттарға жасаған қысымына қарсы көтерілістердің басы-қасында жүріп батыр атанған, сонымен бірге күйші-домбырашы ретінде даңқы шыққан, қазақ күй өнерінің өзіндік мектебін қалыптастырған тарихи тұлға.

Соңына жүзден астам (кей деректе екі жүз) күй қалдырған Қожеке 1823 жылы қазіргі Алматы облысы Кеген ауданының Қарқара жайлауында дүниеге келген. 1885 жылы әлеуметтік әділеттілік, ұлттық тәуелсіздік жолында күресіп өткен азат рухты күйшіні Қытай түрмесінің басшылары арқасын тас көмір шоғымен қарып, азаптап өлтіреді.

Ғасырлар бойы бір ұрпақтан келесі ұрпаққа қан арқылы ауысып отыратын әуендік кодтың қайта жаңғыруы – болмай қоймайтын құбылыс. Сондықтан да біз адамзат дамуындағы рухани тамырластықты жоққа шығара алмаймыз да қазақ күйлерінің де бүкіл әлемге ортақ құндылық екенін баса айтамыз. Ұлттық музыка тарихының Қорқытқа дейінгі ғасырлар сілемінде жатқандығын затындық мұралар айғақтап отырғанымен, олар хатқа түспеген күйі әр ұрпақтың құймақұлақ өкілдері арқылы ғана бізге жетіп отыр.

Біз осыдан отыз жылдан астам бұрын тәуелсіздік алған елміз. Бірақ бізде сана бостандығы, рух азаттығы бірден салтанат құрған жоқ. Өйткені саяси тұрғыдан тәуелсіз болғанымызбен, ғасырлар бойы жүргізілген отарландыру және ұлтсыздандыру саясаты санамызға сіңірген, рухымызға ұялатқан әлеуметтік-психологиялық шырмаудан бірден шығып кете алған жоқпыз. Ол аз болғандай, тәуелсіз ел ретінде ұлт тарихының, салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының, тілінің қайта жаңғыруына күш салудың орнына жеке адам билігінің үстемдік етуіне, жеке адамдардың шексіз баюына жол ашып бердік. Қабылданған тауансыз бағдарламалар басталғанымен, баянды болмай су аяғы құрдымға кетіп жатты. Ұлт тарихын кешенді ауқымда жазуға мемлекет тарапынан баса көңіл бөлінбеді (1998 жылы «Тарихты қолдау жылы» деген науқан басталғанда да әр облысқа экспедициялар шықты. Бірақ экспедиция мемлекеттік деңгейде қорытындыланбады. Жиналған мұралардың сайда саны, құмда ізі қалмады).

Тамыры тереңде жатқан қазақ музыка өнерінің тарихы түгел хатқа түскен жоқ, ғасырлар бедерінде өмірге келіп, халық жүрегіне ұялаған сан алуан шығармалар тасқа басылмаған күйі дарынды бабалар рухымен бірге уақыт қойнауына сіңіп кетті. Әйтсе де Қорқыт, Кетбұға, Асанқайғы, Қазтуған, Байжігіт, Абылайхан, Боғда, Махамбет, Қожеке, Тәттімбет, Дәулеткерей, Шалтабай, Құрманғазы, Абыл, Тоқа, Мергенбай, Сарымалай, Ықылас, Сыбанқұл, Қазанғап, Байсерке, Шортанбай, Тіленді, Дайрабай, Өскенбай, Дина, Мәмен, Сүгір, Сейтек, т.б. секілді дарынды күйші, дәулескер домбырашылар – қазақ күй өнерінің туын әр ғасыр, әр жылдарда биікке көтерген тума таланттар еді. Солар арқылы ұлттық

музыка өнеріміз өзіндік бет-бедерін сақтап қалды. Сол сақталған өнеріміздің зерттелу тарихына келсек, ХХ ғасырдың 20-30-жылдарынан бастап зерттеушілердің бірнеше толқыны ұлттық мұрамызды әр жылдарда әр қырынан тануға, танытуға күш салды. Еңбектері музыкатану саласына қосылған үлкен үлес екені даусыз. Әйтсе де Қазақстанның шетелдермен шекаралас жатқан (әсіресе Қытаймен) аудандарында қаймағы бұзылмаған ұлттық музыка үлгілері тасада қалып келгені шындық. Оның тарихи-әлеуметтік себептері бар еді.

* * *

Патшалық Ресей Қазақстанды отарлауды Иван Грозныйдың 1552 жылғы қазан жорығынан бастады да, 1585 жылы Ермактың Сібір жорығымен жалғастырды. 1731 жылы амалсыз Кіші жүз қазақтары, 1732 жылы Орта жүз ханы Сәмеке, 1740 жылы Әбілмәмбет пен Абылай бодан болуға мойынсұнды. Ал Ұлы жүз тайпалары Ресей империясының қол астына 1864 жылы ресми кіріп болды. Бірақ құжатқа билеушілер тарапынан қол қойылғанымен, елде бодандыққа қарсылық дүркін-дүркін болып жатты. Өйткені Ресей қазақ жерін осы жылдан бастап тұтастай өз иелігіне алып болған еді. Мұндай әділетсіздікке төтеп бере алмай, қарсы шыққан Тазабек, Саурық, Солтанбек, Шалтабай, Іліпбай, Қожеке секілді батырлар орыс отарлаушыларының жазасына ілікті. Саурық, Тазабектер түрмеде өлтірілді. Қожекелер зорлық-зомбылық, қуғын-сүргінге бой бермей, ел-жұртын орыс бұғауынан құтқармақ болып, өзіне ілескен 25 үймен бірге Алтай, Іле, Тарбағатай өңірлеріне өтіп, ақыры Іле өлкесіне тоқтаған соң, артынан ел-жұртына 400 үйді көшіріп алады.

Олардың ішінде Қожеке күйшінің ұстаздары, тұтастары, ізбасарлары да бар еді. Солармен бірге бүтіндей бір күйшілік мектеп Шыңжаң жеріне қоныс аударды.

Қожекеге ілеспей өз атамекенінде қалған қазақтардың басынан небір зұлматтар өтті. 1916 жылғы қанды қырғынға ұласқан ұлт-азаттық көтерілісте атылғандардың, асылғандардың, шабылғандардың ішінде де небір талантты, дарынды тұлғалар бар еді, олармен бірге киелі өнер бұтағы кеткені де сөзсіз.

Қырғыннан амандары арғы бетке босты. Текес өзеніне аққаны ақты, ақпағаны қытай мен қалмақтың тонауына түсті. 1917 жылы патша тақтан құлады, «елге теңдік келді» дегенді естіген ел қайтадан атамекеніне шұбырды. Жолда тағы да ажал құрығына тап болды. Мысалы, Қытайдан арып-ашып қайта оралып келе жатқан 700-дей қазақты орыс әскері Қаракөл деген жерде қырып тастаған (Қарқара қаһары. А., «Ан Арыс» баспасы, 2016, 82-бет). Солардың да арасында небір өнерлілер болғаны ақиқат. Оралғандардың осындай қырғындардан аман қалғаны атажұртына табан тіреді.

Енді теңдік алдық деп еңсесін көтере бастаған елді екі тапқа бөлген, кедейлерді ғана жақтаған кеңес өкіметі халықтың жолбастар серкелеріне саналы әрі жоспарлы түрде бүйідей тиді. 1929 жылы ірі дәулеттілерді тәркілеу басталғанда, асыра сілтеуге жол берген кеңестік

большевиктер беделі мен өнеріне қарамай, бай ауылының адамдарын қуғынға түсірді, мал-мүлкін берсе қолынан, бермесе жолынан тартып алды. Ел ішіне іріткі түсті. Тағы да босқындық басталды. Жұрттың жалдысы мен малдысы, әлдісі мен сәндісі амалсыз тағы да шетел ауып кете барды. Мысалы, Мергенбай Ерденеұлының, Сыбанқұл Қалбасұлының күйшілік-домбырашылық мектептері де түгелімен осы жылдары ауды. Тағы да олармен бірге ақындық, әншілік, жыршылық, шежірешілік өнерлердің негізгі діңдері ілесе кетті. Оларға «босқын» емес, қасақана «қашқын» деген ат тағылып, сенімсіздік мазмұндағы насихат таратылды.

1932 жылғы Голощекин басқарған билік әдейі ұйымдастырған аштық, 1937 жылғы сталиндік-голощекиндік репрессия, 1941-1945 жылғы соғыс елдің ең өнерпаз азаматтарын да жалмады. 1956 жылы КСРО мен Қытай арасындағы шекара ашылып, солақай саясат сойылының соққысынан еріксіз елден іргесін алшақтатып алған жұрт атамекеніне қайта орала бастаған. Бірақ 1962 жылы шекара жабылып қалды. Атамекенін аңсап келгендер өз туыстарының ортасында өгейсіді. Жергілікті тұрғындар мен Отанына оралғандар арасында жасанды «психологиялық» перде тұрды. Көшіп келгендердің өзіне де, өнеріне де «артта қалған», «сырттан келген» деген көзқарас қалыптастырылды. Онсыз да көненің бәрін тәрк етіп, жаңа заманға лайық кеңес адамын жаңадан тәрбиелеп өсіруге көзсіз ұмтылған кеңестіктерге ата дәстүрін қаймағын бұзбай қайта алып өткендер «жабайылау» көрінді. Сол «артта қалған», «жат жерден келген», «жабайылау» қазақтар көнеден келе жатқан күйшілік, әншілік, жыршылық өнер мұхитының алып толқынын ала келген еді. Бірақ кеңес өкіметі оларды көре тұра көрмегенсіді, біле тұра білмегенсіді. Небір дарындыларға домбыра орнына қоға ұстатып, мал соңына салып қойды.

Сырттан келгендерге ғана емес, шекаралық ауданның жергілікті тұрғындарына да «шетелде туысы бар» деген күдікпен қарады. Сөйтіп, шекаралық өңірде тұншығып жатқан өнер салалары тоқсаныншы жылдарға дейін жинаусыз, жариялаусыз, зерттеусіз қалып келді.

* * *

Жинау, жариялау, зерттеу, насихаттау ісі жекелеген ғалымдардың, өнер адамдарының табанды еңбегінің арқасында өгіз аяңмен жылжыған күйі елеусіз ғана бұл ғасырға да жалғасты.

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіровтер шекаралық өңірдің дарынды тұлғалары туралы пікір айтып, мұраларын хатқа түсіріп, кейбірін жариялап, баспасөз, баспа өнімдері арқылы елге танытуды бастаған болатын. Бірақ бұл іс жалғасын таппады. Бірді-екілі ақпараттар энциклопедиялық мақалаларда, азын-аулақ пікірлер кейбір зерттеулерде жол-жөнекей айтылғаны болмаса, арнайы зерттеу нысаны ретінде қолға алынбады. Оның басты себептерін жоғарыда айтып өттік. Тек «жариялылық», «демократиялық» және «қайта құру» деген саяси науқандар басталған жылдары жоғалғанды іздеу істері әр жерде бас көтерді. Мұндай игілікті

іс сол кездегі Алматы, Талдықорған облыстарының аумағында да жүзеге аса бастады. Нәтижесінде, бұрын еш жерде жарияланбаған күйшілердің, домбырашылардың, ақындардың, әнші-сазгерлердің шығармалары жарық көре бастады. Бұл істе музыкатанушы ғалым Базаралы Мүптекеевтің, фольклоршы Тоқтар Әлібектің, өнер зерттеуші әрі әнші Ғалымжан Досанұлы Серікбайдың еңбектері ерекше атап өтуге тұрарлық. Бұған дейін зерттеу нысаны болмаған күйшілердің мұраларын жинау үшін ұрпақтары тұрған өңірлерді өз күштерімен жаяу-жалпылап іздеп жүріп, тағдыр шашқан тарыны еңбекқор диқандай еңбектеп жүріп жинады. Жарыққа шығарды. Ғылыми айналымға қосты. Сөйтіп, Жетісу өңірінде қазақ күй өнерінің ұлы шаңырағы барын, әншілік-сазгерлік өнерде Кенен Әзірбаев пен Дәнеш Рақышевтен басқа да саңлақтар барын, ақындық-жыршылық өнерде Құлмамбет пен Бөлтіріктен өзге де дүлдүлдер барын ғылыми негізде дәлелдеді.

Халық өнерінің жанашыры ретінде бұл істің басы-қасында болғандықтан, Жетісу өңірінде, әсіресе оның Хантәңірі, Алатау айналасында ғасырлар бойы тұнып жатқан, Қожеке биікке көтерген күйшілік-домбырашылық дәстүрдің алтын қазықтарын таныстырып болдық деп айта алмаймыз. Әлбетте, «ел іші – өнер кеніші». Әлі де бабалардан қалған бұл дәстүрлерді арнаулы оқу орындарын бітірмей-ақ өз ауылында бүгінгі күнге сабақтастырып келе жатқан тұлғалар аз емес.

Қожекенің күйшілік-домбырашылық дәстүрі қазіргі заманда жаңа серпінмен жалғасын тапты. Жаңа таланттармен толықты. Әлі талай он саусағынан күй сорғалаған дарындылар дүниеге келері сөзсіз.

* * *

Қожекеден мұра болып көп күй қалған. Оларды ғылыми негізде арнайы зерттеген ғалым Базаралы Мүптекеевтің айтуынша: «Қожеке күйлерінің ұзын саны 200-ден асады. Оларды мазмұндық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады: а) тарихи оқиғаларға қатысты күйлер: «Қолға алынар алдында», «Кертолғау», «Түрмеде қинау», «Қинау», «Шалқайма», «Арман», «Тарту», т.б.; ә) салт-дәстүр шеңберінде туған күйлер: «Арыздасу», «Естірту», «Тоқтарым», «Арман», «Нұрқаны жоқтау», т.б.; б) табиғат тыныс-тіршілігіне қатысты күйлер: «Сайрамкөл», «Бұлбұл торғай», «Сарбарпы бұлбұл» т.б.; в) ежелгі жыр, аңыз, шежіре, ертегі сюжетіне құрылған күйлер: «Мұңлық-Зарлық», «Нұрғазарын бұлбұл», «Қамбархан», «Жиренше», «Жиреншенің Қарашашты жоқтауы», т.б.» (Б.Мүптекеев. «Жетісудың оңтүстік-шығысындағы күйшілік дәстүр». А., «Ан Арыс» баспасы, 2022, 38-бет). Зерттеуші бұл күйлердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, музыканың теориясымен, Әл-Фарабише айтсақ, назариясымен талдайды. Сонда Қожеке шығармаларының қатарында жалпы қазақ күй өнерінде бар шертпе күйдің де, төкпе күйдің де, термелік күйдің де, сонымен қатар осылардың араласып келетін түрлері де бар екен. Олай болса, Қожеке өзіне дейінгі және өз заманында белгілі күйлердің тартылу мәнерлерін толық меңгерген асқан домбырашы әрі сол мәнерлерді сәтті пайдаланып, өз жанынан күй шығарған ғажап

күйші (композитор) де болған. Б.Мүптекеев Қожеке күйлерінің таралу аясын да зерттейді де «Қожекенің күйлері Жетісу өңірінен бастап, Қазақстаннан тыс Алтай-Тарбағатай, Шығыс Түркістан, Моңғолия жерлерінде де кең тараған» деген тұжырымға келеді. (Сонда. 25-бет) Демек Қожеке бір ғана рудың я тайпаның күйшісі емес, иісі қазаққа ортақ дарынды тұлға болған. Сондықтан да ол халық жадында жыл өткен сайын жаңғырып келеді.

Үлкендердің айтуынша, күйші-композитор Мергенбай Ерденеұлы әулеті мен күйші-композитор Қожеке Назарұлы әулетінің арасында күйшілік-домбырашылық өнерде бәскелестік болған. Өнер бәсекесі өзгелердің де домбыра тартуды үйреніп, көрші ауылдан озып кетуіне итермелегені шындық. Бірақ Мергенбай қалай да Қожеке әулетінен асып түсу мақсатында ғана әр жұмада өз балаларының ортасында күйшілік-домбырашылық бәсекесін ұйымдастырып отырған десек қателесеміз. Бұл дәстүр атасы Байғозыдан, әкесі Ерденеден келе жатқан еді. Ердене өзінің бірге туған бауырлары Шыңғысбай, Сапақ, Тілеуберді, Қаражандармен бірге әкесі Байғозының алдында сан мәрте күй тартқан болатын. Осы дәстүр қазақта бұрыннан бар еді. Оның тамыры сонау Әл-Фараби замандарында жатқан болатын.

Бұл дәстүр Қожеке әулетінде де ұрпақ сайын жаңғырып отырғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Жақында Қожеке Назарұлының туғанына 200 толуына арналған мерейтой аясында фольклорлық-этнографиялық һәм тарихи экспедиция кезінде естігеніміз – Қожекенің әкесі Назар да асқан шебер күйші, Назардың әкесі Қасабай да дәулескер домбырашы болған. Атасы мен әкесінің тәрбиесін көрген Қожеке де әкеден өте туған күйші де, домбырашы да болғаны өз алдына, ол да ата дәстүрін жалғастырып, өзінің кіндігінен тараған ұлдарына да, қыздарына да күй үйретуден жалықпаған. Соның нәтижесінде ұлдары Нұрқа, Ақмолда, Рахметолла, Рақыш, Кенжақын, Батталқазылар, қызы Көкшегір, немересі Зиядахандар өз ортасынан озық күйші-домбырашы болыпты. Енді осылардың ішінде тарихта есімі ерекше аталатын Рақыш та ұрпақтары Ахметжан, Шолпанбай, Тұрсынғазы, Смайыл, Орынхан, Әділхан, Мұратбек есімді ұлдарына ата кәсібін жалғастыруды аманаттаған. Ал енді өз көзімізбен көргеніміз – Батталғазының немересі, яғни Қожекенің шөбересі Тілеуберді Шығайұлы ата-бабалары тартқан күйлердің шығу тарихын жатқа білетін болып шықты. Демек Қожеке күйшілік мектебінде күй шежіресін айту өнері де дәстүрге айналған деп білеміз. Ал енді осы Тілеубердінің баласы, яғни Қожекенің шөпшегі Мәлік те, Қожекенің шөбересі Дәулеттің ұлы Бейбарыс та домбырашы екен. Қожекенің жиеншары Рысбұбі Әмзбекқызы өзіне дейінгі күйлерді бұзбай тартатын домбырашы әрі күй шығарып тартатын күйші де екен. Тілеубердінің немересі, яғни Қожекенің туажаты, алтыншы сыныпта оқитын Азамат та он саусағынан күй сорғалаған домбырашы болатын тума дарын екенін танытты. Демек Қожеке әулетінде де күйшілік-домбырашылық дарын қан арқылы берілгені даусыз.

Бір өкініштісі, күйшілік қабілет тұқым қуалаған Мергенбай күйшілік мектебінен шыққан күйлер бізге толық жетпеді. Бір кездері кеңестік қыспақтан Қытайға босқан, кейін яғни 1956-1962 жылдары Отанына оралған Мергенбай күйшілік мектебі кеңес өкіметінің сыңаржақ саясатының салқынына ұрынды да, күй де, күйші де еленбеді, ескерілмеді, санадан ысырып тастау шалғысына ілінді. Сөйтіп, күй де, күйші де тарих сахнасынан, халық жадынан бірте-бірте өшірілді. Ал енді Қожеке күйшілік мектебінің өкілдері өмір сүрген ортада, яғни Қытай жеріндегі қазақ ауылдарында күй өнерін өрістетуге билік тарапынан қырын қарау болмаған және күйшілікті кие тұтқан қазақтар Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарға дейін өздері тамыр жайған өңірде басы аман, бауыры бүтін өмір сүрген. Енді тәуелсіз Отанына оралған Қожекенің күйшілік мектебі қайта жаңғыратын шақ келді.

* * *

Күйші Қожекені туған халқы бүгін ғана іздеп жатқан жоқ. Оны көзі тірісінде-ақ айналасындағы ағайын-туысы, аумағындағы Алашы түгел алқалаған. «Қожеке» демей, «Көке» деп ардақтаған. Айтқанын да, тартқанын да жадына сақтап, бір буын келесі буынға ұластырып отырған. Сондықтан да оның күйлері ұмытылмай, әлі күнге ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Тегінде ол тек күй шығарып, домбыра тартып қана қоймай, ел басына күн туып, ер етікпен су ішкен қиракезік кезеңдерде ұлты ұмытпастай қайраткерлік танытқан тұлға болғандықтан да есімін өлгеннен кейін де халық естен шығармаған.

Ұрпақ ауысқан сайын есімі ел есінде қайта жаңғырып келе жатқан аруақты күйшінің мұрасын жинау, сол туралы тасқа басып, тарихта қалдыру өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдары қолға алына бастаған. Мысалы, 1981 жылы қазақстандық ақын Тауфиқ Жексенбиевтің «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Достың дауысы» аталатын жыр жинағына «Қожеке» деген поэмасы енген. 1984 жылы Қытайдағы қандастар Тәліпбай Қабаев, Дүйсенбек Тұрлықожаұлы, Әбілез Шәріпұлы, Дәулет Мазақұлы, Әкима Досмырзаұлы, Еркін Дәулетұлы бастаған зерттеуші, өнертанушы ғалымдар алғаш рет Қожеке мұраларын ел арасынан жинап, күйлерін нотаға түсіріп, «Күй толқыны», атты кітапты «Шыңжаң жастар баспасынан» жарыққа шығарды. 1988 жылы Алматы облыстық «Жетісу» газетіне журналист Қанапия Омарханов «Қожекенің күйлері» деген мақала жариялады. Дүкен Мәсімханұлының «Қожекенің қоңыр сазы» аталатын музыкалы очеркі Шыңжаң халық радиосынан берілді. (Қожеке күйлерін орындаған Әкима Досмырзаұлы), 1990 жылы Бексейіт Нүсіпбеков «Советтік шекара» газетіне «Қожеке», Мұхамед Ханафин «Қазақ әдебиеті» газетіне «Қожеке күйші» деген эссе, мақалаларын шығарған. Төлен Қаупынбаевтың «Бабалар аманаты» деп аталатын тарихи эсселер, аңыздар, очерктер жинағындағы «Азапты ғұмыр» эссесі Қожекеге арналды. Содан кейін әр жылдарда Әскер Тойғанбекұлы, Әбілез Шәріпұлы, Әділбек Қаба, Тұрымбек Хасен, Жексен Алпартегі секілді қаламгерлердің Қожеке өмірі мен шығармашылығын таныстырған

мақалалары оқырмандар назарында болды. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап Қожекенің өмірі мен шығармашылығын ғылыми негізде зерттеу ісі жүзеге аса бастады. Белгілі музыкатанушы ғалым Базаралы Мүптекеев Қожеке туралы алғашқы ғылыми еңбек жазды. Дипломдық жұмысының тақырыбы тікелей осы Қожекеге арналды. Кейін кандидаттық диссертациясында бір тарау түгел Қожеке туралы болды. Біз де өз тарапымыздан Базаралымен бірлесіп 1998 жылы «Өнер» баспасынан шығарған «Жетісудың күйлері» деген жинағымызға Қожеке күйлеріне сипаттамалар мен түсініктемелерді және күй аңыздарын жазып енгіздік. Көрнекті ғалым Ақселеу Сейдімбек өзінің «Қазақтың күй өнері» деген монографиясында Қожеке шығармашылығына арнайы тоқталды. Қожекенің әр күйінің өз тарихы бар, сонымен қоса өзіндік музыкалық мазмұны мен пішіні бар. Олар туралы алда әлі де талай сөз болары хақ.

Осындай үзіксіз іздестірудің, зерттеуді жариялаудың нәтижесінде Қожеке күйлері ғылыми айналымға қосылды және оқу бағдарламаларына енді.

Биыл Үкімет қолдауымен тарихи тұлға – күйші-композитор Қожеке Назарұлының туғанына 200 жыл толу мерейтойы ел көлемінде аталып өту жоспарланған.

Сағатбек Медеубекұлы